## 2005 жылға арналған республикалық бюджеттік бағдарламалардың паспорттарын бекіту туралы (Қазақстан Республикасының Статистика агенттігі)

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 22 желтоқсандағы N 1354 Қаулысы

Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 24 сәуірдегі Бюджет кодексіне сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Мыналардың:

372, 373, 374, 375, 376-қосымшаларға сәйкес Қазақстан Республикасы Статистика агенттігінің 2005 жылға арналған республикалық бюджеттік бағдарламаларының паспорттары бекітілсін.

2. Осы қаулы 2005 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 22 желтоқсандағы N 1354 қаулысына 372-ҚОСЫМША

*Ескерту. 372-қосымшаға өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.05.25. N* 509 *, 2005.11.12. N* 1122 *қаулысымен.*

606 - Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**2005 жылға арналған "Статистика саласындағы уәкілетті органның қызметін қамтамасыз ету" деген 001 республикалық бюджеттік бағдарламаның ПАСПОРТЫ**

1. Құны: 2213202 мың теңге (екі миллиард екі жүз он үш миллион екі жүз екі мың теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі: 2004 жылғы 24 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Бюджет кодексі ; "Мемлекеттік қызмет туралы" 1999 жылғы 23 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы ; "Ақпараттандыру туралы" 2003 жылғы 8 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңы ; "2005 жылға арналған республикалық бюджет туралы" 2004 жылғы 2 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңы ; "Мемлекеттік аппаратты жақсарту, бюрократизммен күрес және құжат айналысын қысқарту жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2000 жылғы 31 шілдедегі N 427 Жарлығы ; "Мемлекеттік әкімшілік

қызметшілер лауазымдарының санаттары бойынша тізілімін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2004 жылғы 17 қаңтардағы N 1282 Жарлығы ; "Қазақстан Республикасының мемлекеттік бюджеті және Ұлттық Банкінің сметасы (бюджеті) есебінен қамтылған Қазақстан Республикасы органдары қызметкерлеріне еңбекақы төлеудің бірыңғай жүйесі туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2004 жылғы 17 қаңтардағы N 1284 Жарлығы ; "Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар жөніндегі агенттіктің мәселелері, "Қазпатент" және "Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар жөніндегі агенттігі Статистика және талдау жөніндегі комитетінің Ақпараттық-есептеу орталығы" республикалық мемлекеттік кәсіпорындар құру Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 12 қарашадағы N 1552 қаулысы ; "Қазақстан Республикасында мемлекеттік статистиканы жетілдірудің 1999-2005 жылдарға бағдарламасы туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 19 қарашадағы N 1180 қаулысы ; " Қазақстан Республикасы Статистика жөніндегі агенттігінің мәселелері" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 30 наурыздағы N 325 қаулысы ; "Қазақстан Республикасының Статистика жөніндегі агенттігінің аумақтық органдарын қайта ұйымдастыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 15 мамырдағы N 577 қаулысы ; "Қазақстан Республикасы Статистика жөніндегі агенттігінің Ақпараттық-есептеу орталығы" Республикалық мемлекеттік кәсіпорнының жекелеген мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 1 шілдедегі N 910 қаулысы ; "Мемлекеттік мекемелердің негізгі құрал-жабдықтары (активтері) бойынша тозудың жылдық мөлшерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 3 қыркүйектегі N 1308 қаулысы ; "Смета бойынша тиісті органды ұстауға арналған қаражатты үнемдеу есебінен Қазақстан Республикасы органдарының қызметкерлеріне сыйлық беру, материалдық көмек көрсету және лауазымдық жалақыларына үстемеақылар белгілеу ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 29 тамыздағы N 1127 қаулысы .

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері: республикалық бюджеттің қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: жүктелген функцияларын барынша тиімді орындауға қол жеткізу үшін Қазақстан Республикасы Статистика агенттігінің орталық аппараты мен оның аумақтық бөлімшелерінің қызметін қамтамасыз ету.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері:

1) Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі мен оның аумақтық бөлімшелерінің орталық аппараттарын ұстау;

2) мемлекеттік қызметшілердің кәсіби біліктілігін арттыру;

3) Қазақстан Республикасы Статистика агенттігінің аумақтық органдары қызметкерлерінің еңбек жағдайын жақсарту;

4) Қазақстан Республикасы Статистика агенттігінің ақпараттық жүйесін сүйемелдеу

, Агенттіктің барлық құрылымдық бөлімшелерінде, сондай-ақ ведомствоға қарасты ұйымдарда жергілікті есептеу желісінің жұмыс істеуін қамтамасыз ету және техникалық қызмет көрсету.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары.

| N п/п | Бағдар. лама коды | Кіші бағ. дар. лама коды | Кіші бағдарлама. лардың атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 001 | | | Статистика саласындағы уәкілетті органның қызметін қамтамасыз ету | | |
| 2 | | 001 | Орталық органның аппараты | Қазақстан Республикасы Статистика агенттігінің орталық аппаратын бекітілген штат санының лимиттері шегінде 186 бірлік көлемінде ұстау. Бекітілген тиістілік нормативіне сәйкес саны 5 автомобильді, қызметтік автокөліктерді ұстау. Ксерокстерді саны 10 дана және факстерді саны 7 дана жөндеу және техникалық қызмет | жыл бойына | Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі |

көрсету.
Кезекші автокөліктің бір бірлігін жалдау.

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 3 | 002 | Аумақтық органдар-дың аппа-раттары | Қазақстан Респуб-ликасы Статистика агенттігінің аумақтық бөлім-шелерін бекітілген штат санының лимиті шегінде 4040 бірлік көлемінде ұстау. Статистика жүйесін қайта ұйымдастыру жөніндегі іс-ша-раларды жүргізуге арналған шығыстар: Ақпараттық-статис-тикалық орталық-тарды (АСО) тарат-қаннан кейін қызметкерлермен және қызмет көр-сетуді жеткізуші-лермен есеп айырысу; статистиканың аудандық бөлім-дерін ұстау; өзге жұмыстарды жүргізу (іріктеп зерттеу); штаттан тыс қызметкерлердің еңбегіне ақы төлеу. Бекітілген тиістілік норма-тивіне сәйкес | жыл бойына | Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | статистика басқармаларында саны 16 бірлік, аудандық (қалалық) статистика бөлімдерінде саны 199 бірлік қызметтік автокөліктерді ұстау. | | |
| 4 | 007 | Мемлекеттік қызметшілердің біліктілігін арттыру | Статистика органдарының бекітілген біліктілігін арттыру жоспарына сәйкес мемлекеттік қызметшілердің біліктілігін арттыру бойынша көрсетілетін қызметтерді сатып алу (біліктілігін арттыру курстарынан өтетін мемлекеттік қызметшілердің орташа жылдық саны - 544 бірлік), бұдан басқа мемлекеттік тілге оқыту. | жыл бойына | Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі |
| 5 | 008 | Мемлекеттік органдардың ғимараттарын, үй-жайлары мен құрылыстарын күрделі | Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі аумақтық органдарының әкімшілік үйлерінде жөндеу жұмыстарын жүргізу бойынша қызметтерге (жұмыстарға) ақы төлеу: | жыл бойына | Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | жөндеу | | Атырау облысы статистика басқар-масының үйін жөндеу; Жамбыл облысы статистика басқар-масының аудандық статистика бөлі-мінің үйін жөндеу, Құлан ауылы; Батыс Қазақстан облысы статистика басқармасының үйін жөндеу. |
| 6 | 009 | Мемлекет-тік ор-гандарды матери-алдық-техника-лық жарақ-тандыру | Қазақстан Респуб-ликасы Статистика агенттігі аумақтық органдарына құны бір бірлік үшін 40 есептік көр-сеткіштен асып түсетін тауарлар сатып алу, соның ішінде: кондиционер - 23 дана; факсимильдік аппарат - 1 дана; көшіру аппараты - 3 дана; ксерокс - 9 дана; кеңсе жиһазы - 2 жинақталым; проектор - 2 дана; тасымал экран - 3 дана; слайдтар проекторы - 3 дана; сейф - 1 дана; | жыл бойына | Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | картридж - 3 дана; тонер-картридж - 1 дана. |
| 7 | 017 | Ақпараттық жүйелердің жұмыс істеуін қамтамасыз ету және мемлекеттік органдарды ақпараттық-техникалық қамтамасыз ету | Мына қызметтер (жұмыстар) мен тауарларға ақы төлеу: | жыл бойына | Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі ақпараттық жүйе мен жергілікті міндеттерді сүйемелдеу; лицензиялық бағдарламалық өнімдерді техникалық қолдау; есептеу жүйелеріне жүйелік қызмет көрсету; есептеу техникасына техникалық қызмет көрсету (2000-нан астам дербес компьютерлер, 40-тан астам серверлер, 1000-нан астам принтерлер, 200 бірліктен астам желілік жабдықтар, 100-ден астам үздіксіз қоректендіру құрылғылары, 328 бірліктен астам телекоммуникациялық жабдықтар); телекоммуникациялық қызметтерге |

(деректер жіберу желісі 191 статистиканың аудандық бөлімін, 16 облыстық басқарманы, 1 орталық торапты байланыстырады); шығыс материалдарын сатып алуға; есептеу техникасын сатып алу: дербес компьютер - 220 дана; жергілікті принтер - 286 дана. жергілікті-есептеу желісін орнату.

---

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер: Қазақстан Республикасы Статистика агенттігіне жүктелген функциялардың сапалы және уақытында орындалуы, мемлекеттік қызметшілердің кәсіптік деңгейін кәсіби мемлекеттік қызмет талаптарына сәйкес арттыру, еңбек жағдайын жақсарту; статистика органдары ақпараттық жүйесінің үздіксіз жұмыс істеуін сапалы және уақтылы қамтамасыз ету.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2004 жылғы 22 желтоқсандағы
N 1354 қаулысына
373-ҚОСЫМША

606 - Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**2005 жылға арналған "Республиканың әлеуметтік-экономикалық жағдайы туралы ақпараттық-статистикалық деректер базасын құру" деген 002 республикалық бюджеттік бағдарламаның ПАСПОРТЫ**

1. Құны: 622141 мың теңге (алты жүз жиырма екі миллион бір жүз қырық бір мың теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі: "2005 жылға арналған республикалық бюджет туралы" 2004 жылғы 2 желтоқсандағы Қазақстан

Республикасының Заңы ; "Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар жөніндегі агенттігінің, "Қазпатент" және "Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар жөніндегі агенттігінің Статистика және талдау жөніндегі комитетінің "Ақпараттық-есептеу орталығы" республикалық мемлекеттік кәсіпорындарын құру мәселелері" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 12 қарашадағы N 1552 қаулысы ; "1999-2005 жылдары Қазақстан Республикасында мемлекеттік статистиканы жетілдірудің бағдарламасы туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 19 қарашадағы N 1180 қаулысы ; " Қазақстан Республикасының Статистика жөніндегі агенттігінің аумақтық органдарын қайта ұйымдастыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 15 мамырдағы N 577 қаулысы ; Қазақстан Республикасының Статистика жөніндегі агенттігі "Ақпараттық-есептеу орталығы" республикалық мемлекеттік кәсіпорнының жекелеген мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 1 шілдедегі N 910 қаулысы ; "Жалпымемлекеттік статистикалық байқаулар жүргізу және мемлекеттік органдарды статистикалық және талдау материалдарымен қамтамасыз ету тәртібі туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 2 қарашадағы N 1164 қаулысы.

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері: республикалық бюджеттің қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: Қазақстан Республикасының экономикалық, әлеуметтік, демографиялық, экологиялық дамуы туралы статистикалық деректерді өңдеу және тарату.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері:

1) статистикалық құралдарды көбейту және жіберу;

2) статистикалық деректерді өңірлік және республикалық деңгейде енгізу және өңдеу;

3) демографиялық, әлеуметтік, экономикалық және экологиялық дамудың жекелеген аспектілері бойынша республикадағы және оның өңірлеріндегі әлеуметтік-экономикалық даму процестеріне, статистикалық талдау жүргізу;

4) статистикалық және талдау жарияланымдарын дайындап шығару және тарату.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары.

| N п/п | Бағ. дар. лама коды | Кіші бағ. дар. лама коды | Кіші бағдарлама. лардың атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 002 | Республиканың әлеуметтік-экономикалық жағдайы туралы ақпараттық статистикалық деректер базасын құру | Қызметке (жұмысқа) ақы төлеу: 1) статистикалық құралдарды көбейту және тарату бойынша; 2) статистикалық деректерді өңірлік және республикалық деңгейде енгізу және өңдеу бойынша; 3) талдау жұмыстарын жүргізуге; 4) статистикалық жарияланымдарды өңірлік және республикалық деңгейде дайындап шығару, көбейту және таратуға. | жыл бойына | Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі |

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер: пайдаланушыларды ( Үкіметті, іскер және ғылыми ортаны және қалың жұртшылықты) статистикалық және талдау ақпаратымен уақытында қамтамасыз ету.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2004 жылғы 22 желтоқсандағы
N 1354 қаулысына
374-ҚОСЫМША

606 - Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі
Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**2005 жылға арналған "Мемлекеттік статистика органдарының ақпараттық жүйелерін құру" деген 003 республикалық бюджеттік бағдарламаның ПАСПОРТЫ**

1. Құны: 12000 мың теңге (он екі миллион теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі: "2005 жылға арналған

республикалық бюджет туралы" 2004 жылғы 2 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңы ; "Ақпараттандыру туралы" 2003 жылғы 8 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңы ; "1999-2005 жылдары Қазақстан Республикасында мемлекеттік статистиканы жетілдірудің бағдарламасы туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 19 қарашадағы N 1180 қаулысы ; "Қазақстан Республикасының 2003-2005 жылдарға арналған әлеуметтік-экономикалық дамуының индикативтік жоспары туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 13 қыркүйектегі N 1000 қаулысы .

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері: республикалық бюджеттің қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: статистикалық өндірістің тиімділігін арттыру.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: мемлекеттік статистика органдарының ақпараттық жүйесін құру және енгізу, қазіргі заманғы ақпараттық технологияларды енгізу.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары.

| N п/п | Бағ. дар. лама коды | Кіші бағ. дар. лама коды | Кіші бағдарлама. лардың атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 003 | | Мемлекет-тік статистика органдарының ақпараттық жүйелерін құру | Қызметке (жұмысқа) ақы төлеу: "Статтіркелім" жүйесі жобасын аяқтау; "Статистикалық көрсеткіштер серпіні" талдау жүйесі жобасын аяқтау; "Қазақстан Республикасы Статистика агенттігінің ақпараттық жүйелерін | жыл бойына | Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі |

құру" ("Бастапқы статистикалық ақпарат қоймасы", "Ауыл шаруашылығы санағының ақпараттық жүйесі") жобасы бойынша техникалық-экономикалық негіздеме мен техникалық тапсырма әзірлеу.

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер: статақпаратты жинау, өңдеу және сақтау жөніндегі ішкі жүйе жұмыстарының тиімділігін арттыру, статистикалық ақпараттың толықтығын, дәлдігін, сенімділігін, жоғары сапасы мен жеделдігін қамтамасыз ету, басқару органдарына статистикалық ақпаратты уақытында беру, пайдаланушыларды сенімді статистикалық ақпаратпен толық қанағаттандыру мүмкіндігі.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2004 жылғы 22 желтоқсандағы
N 1354 қаулысына
375-ҚОСЫМША

606 - Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**2005 жылға арналған "Мемлекеттік статистика саласындағы қолданбалы ғылыми зерттеулер" деген 004 республикалық бюджеттік бағдарламаның ПАСПОРТЫ**

1. Құны: 23054 мың теңге (жиырма үш миллион елу төрт мың теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі: "2005 жылға арналған республикалық бюджет туралы" 2004 жылғы 2 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңы ; "1999-2005 жылдары Қазақстан Республикасында мемлекеттік статистиканы жетілдірудің бағдарламасы туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 19 қарашадағы N 1180 қаулысы .

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері: республикалық бюджеттің қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: әзірлеменің қазіргі заманғы ғылыми деңгейін

қамтамасыз ету және статистикалық зерттеулер әдістерін енгізу.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: статистиканың әр түрлі салаларындағы әдіснамаларды әзірлеу бойынша қолданбалы ғылыми зерттеулер жүргізу және енгізу.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары.

| N п/п | Бағ. дар. лама коды | Кіші бағ. дар. лама коды | Кіші бағдарлама. лардың атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 004 | | Мемлекет-тік ста-тистика саласын-дағы қол-данбалы ғылыми зерттеулер | 14 тақырып бойынша мемлекеттік ста-тистиканы қалып-тастыру әдіснамасы саласында ғылыми зерттеулер жүргізу жөнінде көрсетіле-тін қызметке (жұмысқа) ақы төлеу. Мемлекеттік ғылы-ми-техникалық сараптама жүргізу жөніндегі қызметке ақы төлеу. | жыл бойына | Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі |

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер: статистикалық жұмыстарды ғылыми-әдіснамалық қамтамасыз ету.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2004 жылғы 22 желтоқсандағы
N 1354 қаулысына
376-ҚОСЫМША

*Ескерту. 376-қосымшаға өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.05.25. N* 509 *қаулысымен.*

606 - Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі
Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**2005 жылға арналған "Ауыл шаруашылығы санағын жүргізу" деген 005 республикалық бюджеттік бағдарламаның ПАСПОРТЫ**

1. Құны: 81571 мың теңге (сексен бір миллион бес жүз жетпіс бір мың теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі: "Қазақстан Республикасында бірінші ұлттық ауыл шаруашылық санағын жүргізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 24 сәуірдегі N 463 қаулысы ; "Қазақстан Республикасында бірінші ұлттық ауыл шаруашылық санағына дайындық, жүргізу және материалдарын өңдеу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 2 маусымдағы N 830 қаулысы ; "Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер енгізу және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 9 шілдедегі N 952 қаулысының күші жойылды деп тану туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 20 желтоқсандағы N 1666 қаулысы .

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері: республикалық бюджеттің қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: ауыл шаруашылығы санағының дайындық жұмыстарын жүргізу.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: санақ құжаттамаларын әзірлеу, әдіснамалық құралдарды құрастыру, бағдарламалық қамтамасыз етуді әзірлеу, санақ жүргізушілерді ұстау, дайындау және оқыту.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары.

| N п/п | Бағдарлама коды | Кіші бағдарлама коды | Кіші бағдарламалардың атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 005 | | Ауыл шаруашылығы санағын жүргізу | Ауыл шаруашылығы санағы бойынша дайындық іс-шараларын жүргізуге арналған шығыстар, соның ішінде: штаттан тыс қызметкерлердің ең- | жыл бойына | Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі |

бегіне ақы төлеу;
іссапарлардың шығыстарын төлеу;
оқытып-үйрету семинарларын өткізуге арналған шығыстар;
коммуналдық қызметке ақы төлеу;
байланыс қызметіне ақы төлеу;
көлік қызметіне ақы төлеу;
көпшілікке түсіндіру жұмыстарына арналған шығыстар (БАҚ-қа хабарландырулар беру, буклеттер);
санақ құралдарын дайындау;
қолданбалы БҚ әзірлеу, сапасын анықтау, енгізу және сүйемелдеу;
Лицензиялық БҚ сатып алу және техникалық қолдау;
дербес компьютерлер сатып алу - 10 дана;
сервер сатып алу - 1 дана.

---

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер: Ауыл шаруашылығы санағын жүргізу үшін әдіснамалық, техникалық және ұйымдастыру базасын құру.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК